

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің салық қызметінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 18 қаңтар N 70. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.08.02. N 1069 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 31 наурыздағы Заңын орындау және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі органдарының қызметін ұйымдық, қаржылық, материалдық-техникалық, көлік және әлеуметтік-тұрмыстық жағынан қамтамасыз ету деңгейін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1994 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі салық қызметі қызметкерлерінің міндетті жеке сақтандырылуы енгізілсін.

2. Салық қызметі қызметкерлерін құқықтық және әлеуметтік жағынан қорғау Тәртібі /қоса беріліп отыр/ бекітілсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік коммерциялық сақтандыру компаниясының Басқармасына салық қызметі қызметкерлерінің міндетті жеке сақтандырылуын өткізу үшін қаражат аударсын.

3. Қазақстан Республикасы Байланыс министрлігі шарттық негізде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясы мен жергілікті жерлердегі салық инспекцияларының тапсырыстары бойынша телекстер, телетайптар, телефон және факсимиль байланысты құралдарының орнатылуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі: салық қызметі органдары үшін мамандар даярлауды ұйымдастырсын; 1994/95 оқу жылынан бастап орта, арнаулы және жоғары білім үшін оқу жоспарлары мен әлеуметтік-экономикалық тәртіп бағдарламаларына салық заңдарының негіздері бойынша курс енгізілсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі салық қызметі органдарының әлеуметтік даму және оларды материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету қорын құру мен пайдалану тәртібі туралы Ереже /қоса беріліп отыр/ бекітілсін.

6. Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің "Қазақ ССР Мемлекеттік салық

қызметі жұмысының мәселелері" атты 1991 жылғы 9 қыркүйектегі N 520 қаулысының /ҚазССР ҚЖ, 1991ж., N 21, 151-бап/ күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 18 қаңтардағы
N 70 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі салық қызметінің
қызметкерлерін құқықтық және әлеуметтік жағынан қорғау
Т Ә Р Т І Б І

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі
қызметкерлеріне бір жолғы жәрдемақы төлеу мен материалдық
зиянды өтеудің тәртібі туралы

1. 1993 жылғы 31 наурызда қабылданған "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес:

салық қызметі органдарының қызметкерлерін ол қызмет бабындағы міндеттерін орындау үстінде орта дәрежеде жарақаттанса, онда оған республика бюджетінің қаражатынан бес айлық жалақысы мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы төленеді, кейіннен бұл сома айыпкер адамдардан өндіріп алынады;

салық қызметі органдарының қызметкерлерін ол қызмет бабындағы міндеттерін орындау үстінде ауыр жарақаттанса, сол себепті ол кейіннен кәсіби қызметімен айналыса алмайтындай болса, онда оған республика бюджетінен, кейіннен сол сома айыпкер адамдардан өндіріп алынып, бес жылдық жалақысы көлемінде бір жолғы жәрдемақы, сондай-ақ оның қызмет жалақысы мен зейнетақысы мөлшерінің айырмасы /өмір бойы/ төленеді;

салық қызметі органдарының қызметкерлері қызмет бабындағы міндеттерін орындау үстінде қаза тапса немесе салық органдарында істеп жүрген кезінде алған жарақаты, ауруы салдарынан жұмыстан босағаннан кейін қайтыс болса, онда қаза тапқан /қайтыс болған/ қызметкердің отбасына немесе оның асырауындағыларға /мұрагерлеріне/ республика бюджетінен, ол сома кейіннен айыпкер адамдардан өндіріп алынып, қаза тапқан /қайтыс болған/ қызметкердің соңғы атқарған қызметі бойынша он жылғы ақшалай табысы мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы төленеді;

салық органдарының қызметкері ол қызмет бабындағы міндеттерін орындау үстінде қаза тапса, онда оның отбасына немесе оның асырауындағыларға асыраушысынан айырылуы себепті бір айлық ақшалай табысы мөлшерінде өмірлік зейнетақысы тағайындалады;

салық қызметі органдарының қызметкерлерінің мүлкіне ол қызмет бабындағы міндеттерін орындауға байланысты келтірілген зиян, сонымен бірге оның отбасы мүшелері мен жақын туыстарының денсаулығына, мүлкіне келтірілген нұқсан республика бюджетінен толық өтеледі, кейіннен ол сома айыпты кісілерден өндіріп алынады.

2. Бір жолғы жәрдемақы төлеу туралы шешімді соттың үкімі немесе қылмыстық істі тоқтату немесе қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы басқа сот шешімінің негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі салық қызметінің басшысы, жәбірленуші қызмет істеген салық инспекциясының бастығы қабылдайды.

Тергеу органдары қылмыстық іс қозғаудан бас тартса, бұған салық органы қызмет бабына жүргізген тексерудің нәтижелері және басқа да айғақтардың негізінде заң белгіленген тәртіппен прокурорға шағымдануы мүмкін.

Салық қызметі қызметкерлерінің /немесе оның жақын туысының/ мүлкіне келтірілген зиян соттың шағымды қарап шығарған шешімі /үкімі/ бойынша қалпына келтірілді.

3. Бір жолғы жәрдемақыны есептеуге пайдаланылатын салық қызметі қызметкерлерінің бір жылдық ақшалай табысы ол қаза таппастан немесе денсаулығына зақым келместен бір жыл бұрын салық қызметі органдарында қызметкер алған ақша төлемдерінің барлық түрін қамтиды.

Осы жәрдемақылардың мөлшерін есептеу үшін орташа бір айлық табыс Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 наурыздағы N 201 қаулысымен бекітілген, жұмысшылар мен қызметшілерге еңбек міндетін атқаруына байланысты мертігіп қалған жағдайда немесе денсаулығына басқаша зақым келгенде олардың шеккен зиянын меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың өтеуі жөніндегі Ереже /Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 8, 97-бап/ белгіленген тәртіппен

анықталады.

Аталған қызметкерлердің лауазымдық жалақысы штат кестесінде көзделген, сыныптық шендер үшін белгіленген қосымша ақы қосылған айлығы негізінде есептеледі.

4. Осы Тәртіптің 1-тармағында көзделген бір жолғы жәрдемақыны жәбірленуші қаза тапқанға немесе жарақат алғанға дейін қызмет істеген салық қызметі төлейді.

Салық органы қайта құрылған немесе жойылған жағдайда зиянды өтеу сомасын сол органның заңды мұрагері немесе жоғары органдар төлейді.

5. Бір жолғы жәрдемақылар және мүлік зиянын өтеу сомасын жіберу мен жеткізу қаза тапқан немесе жарақат алған қызметкер жұмыс істеген салық органдарының есебінен жүргізіледі. Алушылардың қалауы бойынша ол сомалар олардың банктегі салымдарының есеп шотына аударылуы мүмкін. Нақты төлемдерді бақылау үшін салық органдары жүйеден тыс есеп жүргізеді.

6. Осы төлемдер Қазақстан Республикасының республикалық бюджетті қаржысы есебінен кредит ашпастан, төлем жөніндегі шығынды 222 бөлімнің "Азаматтарға келтірілген зиянды өтеу" дейтін 13 параграфына жатқызылып, кейіннен айыпты кісілерден ұсталған сомалар республика бюджетінің бюджеттің кірісі мен шығысын сыныптайтын "Бюджет шығысын өтеу" дейтін 9 бөліміне кірістіріліп төленеді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі салық қызметі қызметкерлерінің міндетті түрде жеке басын сақтандыру туралы

7. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес салық қызметі органдарының қызметкерлері республикалық бюджет қаржысы есебінен міндетті түрде жеке басын сақтандыруға тиіс.

Салық қызметі органдары қызметкерлерінің сақтандырушысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі болып табылады.

8. Мемлекеттік сақтандыру органдары сақтандыру сомаларын мынадай жағдайда:

а/ сақтандырылған кісі жұмыс істеген кезінде немесе қызмет міндеттерін атқару үстінде алған жарақаты салдарынан қызметтен босап, бір жыл толмай қаза тапса /қайтыс болса/ оның мұрагерлеріне /мұрагерлік құқығы туралы куәлігін көрсеткенде/ бір жылдық лауазымдық жалақысы және сыныптық шені мен қызмет өтеген жылдары үшін берілетін қосымша ақының 12,5 есе мөлшерінде;

б/ сақтандырылған кісінің қызметтен босағаннан кейін бір жыл толғанға дейін қызмет міндеттерін атқаруына байланысты мүгедектігі анықталса:

I топ мүгедегіне - жылдық лауазымдық жалақысы және сыныптық шені мен қызмет атқарған жылдары үшін берілетін қосымша ақының 7,5 есе мөлшерінде;

II топ мүгедегіне - жылдық лауазымдық жалақысы және сыныптық шені мен қызмет атқарған жылдары үшін берілетін қосымша ақының 5 есе мөлшерінде;

III топ мүгедегіне - жылдық лауазымдық жалақысы және сыныптық шені мен қызмет атқарған жылдары үшін берілетін қосымша ақының 2,5 есе мөлшерінде
т ө л е й д і ;

IV топ мүгедегіне - жылдық лауазымдық жалақысы және сыныптық шені мен қызмет атқарған жылдары үшін берілетін қосымша ақының 2,5 мөлшерінде
т ө л е й д і ;

в/ сақтандырылған кісі қызмет міндетін атқаруға байланысты мынадай
ж а ғ д а й д а :

аса ауыр жарақат алса - бір жылдық лауазымдық айлығы және сыныптық шені мен қызмет атқарған жылдары үшін берілетін қосымша ақының мөлшерінде ;

ауыр жарақаттың жеңілдеу түрін алса - жарты жылдық лауазымдық айлығы және сыныптық шені мен қызмет атқарған жылдары үшін берілетін қосымша а қ ы н ы ң м ө л ш е р і н д е а л а д ы .

9. Осы Тәртіптің 7-тармағында көрсетілген сақтандыру түріне жататын сақтандыру төлемдері, оның ішінде осы төлем сомасының 15 проценті мөлшерінде сақтандыру ісін өткізуге мемлекеттік сақтандыру органдары жұмсайтын шығындар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік коммерциялық сақтандыру компаниясы Басқармасының есеп шотына аударылады.

Сақтандыру төлемдерін дер кезінде және оны толықтай аудару жауапкершілігі сақтандырушыға жүктеледі.

Үстіміздегі жылы сақтандыру сомасын төлеуге пайдаланылмаған сақтандыру төлемдері кезекті төлемдер есебіне жатқызылады, ал жетіспейтін қаржыны сақтандырушы қосымша төлейді.

10. Салық қызметі қызметкерлерінің міндетті түрде жеке басын сақтандыру ісін өткізу тәртібін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясымен келісе отырып Қазақстан Республикасы Мемлекеттік коммерциялық сақтандыру компаниясының Басқармасы белгілейді.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 18 қаңтардағы
N 70 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі органдарының әлеуметтік даму және материалдық-техникалық қамтамасыз ету қорын құру мен пайдалану тәртібі туралы
Е Р Е Ж Е

Осы Ереже "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 31 наурыздағы Заңы негізінде жасалған және бұдан былай салық қызметінің қоры деп аталатын салық қызметі органдарының әлеуметтік даму және материалдық-техникалық қамтамасыз ету қорын құру және пайдалану тәртібін анықтайды.

Салық қызметінің қорын құру тәртібі

1. Салық қызметінің қоры:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясында; облыстар, Алматы және Ленинск қалалары, аудандар, қалалар, қалалардағы аудандар бойынша салық инспекцияларында құрылады.

2. Салық қызметінің қорын құру көздері:

- а/ осы органдар қызметкерлерінің еңбекақы қоры сомасының 25 проценті мөлшерінде республикалық бюджеттің қаржысы;
- б/ жыл бойына үнемделген еңбекақы қоры;
- в/ тексеру жұмыстарының нәтижелері бойынша салық органдары ашқан жасырылған табыстардан қосымша есептелген соманың 10 проценті болып т а б ы л а д ы .

3. Осы Ереженің 2-тармағының "а" және "б" тармақшаларында көрсетілген көздер есебінен құрылған салық қызметі қорының қаржысы салық инспекциялары үшін банк мекемелерінде ашылатын "Тапсырыс бойынша сомалар" ағымдағы есеп шотында сақталады.

4. Салық қызметі қорының қаражатын "Тапсырыс бойынша сомалар" ағымдағы шотқа есептеу үстіміздегі жылдың сметасы бойынша шығын сметасында қарастырылған тиісті тоқсанға арналған еңбекақы қоры сомасының 25 проценті мөлшерінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы және республика салық инспекцияларын қаржыландыру үшін республикалық бюджет бойынша кредиттердің ашылуына қарай әр тоқсан с а й ы н ж ү р г і з і л е д і .

Жыл бойына пайдаланылмаған еңбекақы қоры /үнем/ жыл аяғында салық инспекцияларының сметалары бойынша салық қызметінің қорына аударылады.

5. Жасырылған табыстардан қосымша есептелген сомадан бөлінген 10 проценттік қаражаттан құрылған салық қызметі қорының қаржысын есепке алу үшін барлық деңгейдегі салық инспекцияларына Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің мекемелерінде ағымдағы есеп шоттар ашылады.

6. Аудандар мен қалалар бойынша салық инспекцияларының салық қызметі қорына есептелуге тиіс, сондай-ақ облыстар мен Алматы және Ленинск қалалары бойынша салық инспекцияларының есеп шоттарында орталықтандырылуға тиіс жасырылған табыстардан қосымша есептелген сомадан бөлінген 10 проценттік ақша қаражатының үлесі мөлшерін орталықтан орындалатын шараларға қажет қаражат қажеттілігіне орай Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейді.

7. Аталған көздерден құрылған салық қызметі қорының жыл бойында пайдаланылмаған қаржысы салық инспекциясының қарауында қалады және оқайтарып алуға жатпайды.

Салық қызметі қорын пайдаланудың тәртібі

8. Салық қызметі қорының қаражаты осы Ереженің 4-тармағында көрсетілген, осы қорға есептелетін қаржыға жасалған смета бойынша жұмсалады.

Қаржыны жұмсау сметасының жобалары еңбек ұжымдарының талқылауларына ұсынылады және олар мақұлдағаннан кейін инспекциялардың кәсіподақ комитеттерінің келісімі бойынша салық инспекцияларының әкімшіліктері бекітеді.

Аталған сметалардың орындалуы жайында әкімшіліктер мен кәсіподақ комитеттері инспекциясы ұжымдарына хабарлап тұрады.

9. Осы Ереженің 4-тармағында көрсетілген көздерден құрылған салық қызметі қорының қаржысы:

салық инспекциясы қызметкерлеріне сыйлық беруге және оларға материалдық көмек көрсетуге;

бұдан бұрын салық инспекциясында жұмыс істеген еңбек ардагерлері мен мүгедектеріне, жас бала күтуге байланысты демалысқа шыққан қызметкерлерге материалдық көмек көрсетуге;

сараптау, кеңес беру, аударма жасау және басқа да жұмыстар үшін сырттан тартылған білікті мамандарға еңбекақы төлеуге және сыйлық беруге;

қайырымдылық мақсаттарға;

салық инспекцияларының қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері үшін емдеу-сауықтыру шараларын өткізуге;

денсаулық сақтауға байланысты басқа да шараларға пайдаланылуы мүмкін.

10. Осы Ереженің 2-тармағының "в" тармақшасында көрсетілген көздер есебінен құрылған салық қызметі қоры қаржысының қатаң мақсатты бағыттары бар және ол мына мақсаттарға:

әкімшілік үйлерін салуға, ғимараттар сатып алу мен оларды күрделі жөндеуден өткізуге;

салық инспекциясының мұқтажы үшін құралдар мен мұқаммалдар, есептеу техникасын, автокөліктер, жазатын және көбейтетін техника сатып алуға;

тұрғын үй салуға үлес қосуға, салық инспекциясы қызметкерлеріне арнап тұрғын үйлер немесе пәтерлер сатып алуға;

үй жағдайын жақсарту үшін салық инспекциясының қызметкерлеріне несие беруге және оларды өтеуге жұмсалатын шығындар, соның ішінде тұрғын үй кооперативіне кірерде төленген алғашқы жарналарын өтеуге қажет қаражатқа;

салық инспекциясы қызметкерлерінің, сонымен бірге зейнеткер еңбек ардагерлерінің үйлерін жөндеуден өткізу жөніндегі шығындарға;

ақпарат-талдама жүйелерін, мәлімет-деректер банкіні қалыптастыру және салық органдарының негізгі міндеттерін орындауға байланысты басқа да мақсаттарға жұмсалады.

Салық инспекциялары лауазымды адамдарының жауапкершілігі

11. Барлық деңгейдегі салық инспекцияларының бастықтары мен осы инспекциялардың бас бухгалтері салық қызметі қорының дұрыс құрылуы мен жұмсалуына жеке жауап береді.

12. Салық қызметі қорына заңсыз /қателесіп/ аударылған қаржы сомасы заңсыз /қателесіп/ аударылған деп танылғаннан кейін екі апта ішінде несие қайтарылғандықтан тиіс.

13. Салық қызметі қорына қаражаттың заңсыз аударылуына жол берген лауазымды адамдарға тәртіп пен материалдық жауапкершілік жүктеледі және салық қызметі қорының берілетін сыйлықтан бір жылға қағылады, ал осы адамдар есепті жыл ішінде қаржыны тағы да заңсыз аударған жағдайда оларға тәртіп шаралары қолданылады, тіпті қызметтен босатуға дейін барады.

Салық қызметінің қоры бойынша есеп жүргізу мен есеп беру

14. Салық қызметі қорына түскен қаржыны есепке алу мен жұмсау, есеп беру құжаттарын дайындау мен тапсыру, сондай-ақ қордың құрылуы мен

пайдаланылуын қадағалау тәртібін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
а н ы қ т а й д ы .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК